Предстартовая лихорадка характеризуется чрезмерно высоким уровнем эмоционального возбуждения. Высокое нервно-психическое напряжение понижает работоспособность мышц и притупляет мышечно-двигательное чувство, ухудшает способность к расслаблению, нарушает координацию движения. Предстартовая лихорадка мешает спортсмену максимально мобилизоваться и не позволяет ему реализовать все свои возможности в условиях соревнований. Отрицательное влияние предстартовой лихорадки проявляется и в том, что спортсмен долго не может уснуть накануне соревнований, спит с мучительными сновидениями, утром встает несвежий, не отдохнувший.

Стартовая апатия характеризуется относительно низким уровнем эмоционального возбуждения из-за возникновения охранительного торможения и ослабления возбуждения. Стартовая апатия не позволяет спортсмену мобилизоваться, деятельность его осуществляется на пониженном функциональном уровне, спортсмен при стартовой апатии не в состоянии «выложиться». Чаще всего такое состояние наступает после сильного волнения, охватывающего спортсмена за несколько дней до соревнования, иногда из-за неудач в тренировке и др. Такое состояние приводит к неуверенным действиям, замедленной ориентировке и нерешительности в сложной обстановке сразу после старта. Систематические тренировки и участие в соревнованиях любого уровня вырабатывают у спортсменов способность «управлять» своим предстартовым состоянием: в одних случаях умерять его, в других, напротив, усиливать.

2. Психологическая подготовка благоприятно влияет на психическое состояние спортсменов во время соревнований. Психологическая подготовка повышает общий эмоциональ-

ный подъем, воодушевление, бодрость, внутреннюю собранность и сосредоточенность на предстоящей борьбе. Такое приподнятое психологическое состояние является фактором, усиливающим жизнедеятельность организма, и способствует повышению спортивных результатов.

3. Аутогенная тренировка повышает эффективность деятельности спортсмена перед соревнованиями. Эта тренировка способствует снижению нервно-эмоционального напряжения, чувство тревоги, эмоционального дискомфорта, оказывает нормализующее воздействие на основные физиологические функции. Под влиянием аутогенной тренировки улучшается настроение, нормализуется сон, повышается уровень функционирования и произвольной регуляции различных систем организма, происходит активизация личности.

Выводы

Исходя из анализа теоретических и практических работ в области психологии спорта психологическое обеспечение подготовки спортсменов определяется как систему мероприятий, направленных на мобилизацию резервов психики спортсменов, обеспечивающих высокую эффективность учебно-тренировочного процесса, высокую надежность и результативность соревновательной деятельности. К основным составляющим психологического обеспечения подготовки спортсменов следует отнести анализ требований, предъявляемых видом спорта, в котором оно проводится, к психике спортсменов, планирование подготовки спортсменов с учетом психологических факторов, обучающие и развивающие программы, направленные на формирование необходимых спортсменам психотехнических навыков, развитие профессионально важных свойств психики. Профессионально важными свойствами психики спортсменов является: физическая и психическая выносливость, умение быстро находить выход из стрессовых ситуаций, адекватное восприятие результаты соревнований, умение управлять своим эмоциональным состоянием и своевременное расслабление.

В современной спортивной тренировке и соревнованиях важно учитывать индивидуальные типологические особеннос-

ти и психические состояния спортсмена, которые могут претерпевать изменения в зависимости от постоянного вида деятельности. Учет темперамента и психических состояний при занятиях спортом позволяет эффективнее строить тренировочный процесс, помогая тренеру расширить составляющие индивидуального подхода и определить методы работы с каждым спортсменом. Таким образом, психодиагностика психологического состояния облегчает формирование психолого-педагогических и психогигиенических рекомендаций и эффективное осуществление системы воздействия на спортсмена.

Для достижения высоких результатов в современном спорте также надо работать над физической, технической, тактической стороной тренирующегося, где психологическая готовность спортсмена играет главную роль перед соревнованиями.

Во время выступлений отрицательная предстартовая напряженность влияет на самочувствие и работоспособность спортсменов, что в свою очередь снижает показатели результатов деятельности. Но систематические тренировки и участие в соревнованиях любого уровня в большинстве случаев вырабатывают у спортсменов способность «управлять» своим предстартовым состоянием: в одних ситуациях умерять его, в других, напротив, усиливать.

Таким образом, используя все психологические механизмы и рекомендации воздействия на психическое состояние спортсмена во время тренировок и перед стартовым соревнованием, у нас есть в будущем все возможности завоевать лучшие места на 7-х Зимних Азиатских играх, потому что психологически подготовленный человек использует свои сильные стороны для преодоления поставленных целей.

В заключение необходимо отметить, что для большинства спортсменов самым главным фактором в соревнованиях должно быть преодоление самого себя, нахождения оптимального психологического состояния в стрессовых условиях соревнований. Когда спортсмен чувствует, что подвластен самому себе, то сможет испытать настоящее удовольствие от проделанного пути в спорте.

Ойыншықтың бала дамуына әсері қандай?

3. ЖҰМАНОВА

«Балалы үй базар». Расында бала-шағасы көп үйге өнсеңіз, табалдырықтан бастап төрге дейін ойыншықтардан аяқ басып жүре алмайсыз. Мойны жұлынған қуыршақ, қирап қалған машине, жыртылған жұмсақ аю... Осылардың ешқайсысына көз қиығын тастағысы да келмеген сәби бір бұрышта басқа бір нәрсені шұқылап, тістеп отырады. Немесе телефон шыр өте түссе соған бірінші болып ұмтылады, теледидардың пультін ұстап алып, арнаны ауыстыруға тырысады. Мұны үнсіз бақылап отырған үлкендер сәбидің қылығына ризалықпен күледі де қояды. Шынында балалар табиғаттың жұмбағы тәріздес.

Ойыншықтардың бірін де місе тұтпай, шынайы заттарға неге құмар?

Ақыл таразысына салып қарасаңыз, бала өзінің жас ерекшелігіне сай өзгеріп отыратын ішкі сұранысқа тәуелді екен. Құртақандай бала кімнің қолынан не көрсе, соған қызыққыш. Сол нәрсе өзінде болмайынша, ата-анасына тыным таптырмайды. Алайда, оның құмарлығы ұзаққа бармай-ақ, басылып қалады. Себебі, ол өзінің нені қалайтынын білмейді.

Бір жасқа толмаған сәби – біз үшін бала, ал ғылымда ол әлі зерттеліп бітпеген үлкен бір сала. Балаға дұрыс тәрбие бергісі келген ата-ананың бұл саланы жетік меңгергені жөн. Мәселен, бір жасқа дейінгі балаға ойнауға шар, текшелер мен үрленетін ойыншықтар беру керек. Өйткені ол әлі қуыршақпен мәшинемен ойнауды білмейді. Сондықтан қандай қымбат қуыршақ, қымбат машина берсеңіз де оны екіге бөліп, түкке жарамсыз етіп тастай салады. Ойыншықты бөлшектеп тастайтын себебі, оның ішінде бір нәрсе жасырынып жатқандай, қызық көрінеді. Кейін бірте-бірте оның қалай жұмыс істейтінін білетін болады.

Тек екі жасқа толғанда барып бала ойыншықпен қалай ой-

нау керектігін, оның қандай қызмет жасайтынын үйрене бастайды. Қуыршақты тамақтандырып, ұйықтатып, әлдилесе, мәшинеге құм тиеп, оны жүргізіп ойнайды. Екі жасар сәбиге дыбыс шығара алатын, қол-аяғын қимылдата алатын қуыршақ ұнайды екен. Үш жасқа толған соң ол әлгі қуыршақтың анасы кейпіне енеді. Сондықтан ендігі жерде оның қуыршағына төсек, орындық, ыдыс-аяқтар қажет болады.

Бала үлкейе келе ойына үй ішіндегілердің қимыл-әрекетін, сөздерін келтіреді. Осы кезде расында «балалы үйде ұрлық жатпайды». Ол ойын барысында ата-анасының айтқанын түгел қайталап бере алады. Қыз бала өз анасына еліктеп, ана болып ойнаса, ұл бала әкесі болып ойнайды. Егер дәрігер ойынын ойнаса, өзі барып жүрген, өзіне таныс дәрігерді салады.

Бала үш жасқа толғанда жан-жануарлар мен аңдардың кейпіндегі ойыншықтарға әуес келеді екен. Сондай-ақ, мультфильмдер мен ертегілердің кейіпкерлеріне деген махаббат та осы кезде оянады. Мысықтың баласы, қозы-лақ секілді үй жануарларын көтеріп ойнауға құмар болатыны да осы кез. Сондай-ақ, құрастырмалы ойыншықтар, түрлі фигураларға әуестенуі баланың сана-сезімінің дамып жатқандығынан хабар береді.

2,5-3 жастағы қыз балаға ойыншық ыдыс-аяқтар, үтік, қуыршақтың жасау толы үйін сыйға тартсаңыз, қуанышқа бөлейсіз. Сол арқылы қыз бала тамақ істеуге, үй жинауға, ыдыс-аяқ жууға үйрене бастайды. Осы орайда оның анасынан үлгі алатынын есте ұстаңыз. Егер сіз үй шаруасына ұқыпты болсаңыз, оның қызыңыздың ойынында көрініс табады. Бір қызығы осы жастағы ұл балалар да қыздар секілді тұрмыстық ойындарға құмартады екен. Балаңыз да қызыңызбен бірге үйшік ойнап жүрсе, қуана беріңіз. Демек, сіздің жұбайыңызбен екеуіңіздің ара-қатынасыңыздың тату болғаны. Себебі балалар – ата-ананың айнасы.

Ойыншық телефонға құмартпайтын бала жоқ шығар сірә. Кішкентай сәби үлкендерше телефонды құлағына апарып, не дейтінін тыңдап көрдіңіз бе? Оның әңгімесінен өз сөздеріңізді, өзіңіздің қылығыңызды таныдыңыз ба? Сол сияқты ойыншық

телефон арқылы бала өз арманын, нені жақсы көріп, неден қорқатынын, кімді асыға күтіп жүргенін білдіреді. Сондықтан балаңыздың жан сырын білгіңіз келсе, онда ойыншық телефон сатып әперуге асығыңыз.

Міне, сіз ендігі жерде балаға қай жаста қандай ойыншық әперу керек екендігін білесіз. Ендеше, су жаңа ойыншықты құртты екен деп, балаңызды жөнсіз кінәлаудан аулақ боларсыз.

Жас жеткіншектер арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу

Б. СИХОВА

Мақсаты: жас жеткіншектер арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу шаралары арқылы нәтижелерге қол жеткізу.

Форма: әңгіме.

Қатысқандар: 8-9-сынып оқушылары, сынып жетекші, психолог.

Ерте жүктілік деген не? Ерте жүктілік деп 13-19 жаста болатын жүктілікті айтады. Осы уақытта қыз балаларда өтпелі жас кезеңі басталып, гормондық қайта құрылу жүреді. Медицинада 18 жасқа дейін болған жүктілік ерте жүктілік деп саналады.

Ерте жүктілік немен қауіпті? Жүктілік кезінде ағза күшейген тәртіпте жұмыс істейді – жүрек-қан тамыры, эндокриндік жүйе және ішкі органдарға үлкен жүктеме артылады.

Бұның қиындығы жасөспірімнің гормондық қайта құрылуы жүктілік қайта құрылуға жүктелгені. Жас аналарда көбінесе плацентарлық тапшылық, анемия, токсикоздар болады. Қыз балалардың ағзасы осындай жүктемелерге әзір емес! Ерте жүктіліктен қалай сақтануға болады?

Ерте жүктіліктің негізгі проблемасы бұл жыныстық тәрбие туралы білімінің жеткіліксіз болуы, не болмаса тәрбиенің мүлдем жоқтығы. Көптеген отбасыларда бұл тақырыпқа әңгіме қозғалмай, жабық күйде қалады. Бірақ, бұл дұрыс емес.

Негізінен, жоспарланбаған жүктіліктің 90% отбасындағы тәрбиеге және қарым-қатынасқа байланысты келеді. Яғни ана мен қыз баланың өзара қарым-қатынасы бұзылса, қыз бала «әдейі» бәрін кері істейді. Ерте жүктіліктің қандай профилактикасы бар?

Проблемамен күресудің тәсілі – проблемадан сақтану жолдарын білу. Жоспарланбаған жүктіліктен сақтанудың тәсілдері туралы ата-анамен жиі әңгімелесу керек. Жыныстық тәрбие туралы кітаптар оқу. Егер қыз бала жыныстық қатынасқа ерте түссе, оның салдарын білуі керек. Осындай өмірге ол дайын ба? Баланы көтеріп, өмірге әкеле ала ма? Егер ол ерте жүктілікке әзір болмаса, ол сақтанудың жолдары және құралдары туралы толық ақпараттануы керек. Ерте жүктіліктің нәтижесі қандай болатынын түсіндіру қажет. Бұл мәселеге әлеуметтік тұрғыдан қарағанда, қыз бала білім алу, жұмысқа орналасу және карьера құру мүмкіндігінен айырылады. Қатынасқа түсе білгенмен жас жігіт әке атанып, жауапкершілікті көтеруге асықпайды, көп жағдайда қыздар өздері жалғыз қалады да (егер ата-анасы көмектесетін болса, жақсы) жас ана тығырыққа тіреледі: білімі жоқ, жұмысы жоқ. Бүгінде біз жоғары ақпараттық технологиялар заманында өмір сүрудеміз деп мақтанамыз. Сондықтан, өсіп келе жатқан ұрпақты сауатсыз деп те айтуға болмайды. Өйткені, олар осы жаңа технологияларды еркін меңгеріп, түрлі ақпараттармен алмаса алады. Иә, заман өзгергенімен, әдет-ғұрпымыз бен салт-дәстүріміз өзгерген жоқ. Адам өмірінде ешқандай қиындық болмайды деген кепілдік ешкімде жоқ. Ешкім де алдында қандай қиыншылық күтіп тұрғанын болжай алмайды. Әр адамның басында қуаныш пен қайғысы қатар жүретіні рас. Ол Алланың сыны деп айтуымызға болады. Алайда, осындай қиындықтардан шығудың да түрлі жолдары бар. Көбі сол қиындықтан алып шығатын жолды таппай қатыгездікке, қателікке бой алдырып жатады. Негізінде, қазіргі педагогика оқулығында жыныстық тәрбие туралы бөлім жоқ. Оны көбі ұят санайды. Мұғалімдердің өзі өрімдей балаға мұны қалай жеткіземіз деп оқушыларға мұндайды оқытуға ұялады. Сонда қыз баласы жыныстық тәрбиені қайдан оқып білуі керек?

Міне осы жерде оған отбасында анасымен, жеңгесімен сырласу өте қажет. Мектепте осындай тақырыптарда сабақтар өткені жөн. Мұның қыз баласына пайдасы көп. Сондай-ақ, біз баланы өте қатал тәрбиелейміз. Тәрбиелеу деген осы екен деп тым қаталдыққа салыну да бала жастан қызды жалтақтыққа алып келетінін ұмытамыз. Осыдан барып, қыз өз анасына ойындағысын айтуға жасқанады. Мысалы, алғашқы етеккір келгенін ол анасына емес, алдымен құрбысына, не жеңгесіне айтады. Сол үшін қыздың сеніміне кішкентайынан кіре алуымыз, анадан артық жақын адам жоқ екенін ұғындырып өсіруіміз керек. Көптеген ақпаратты сырт көзден алып үйренген қазіргінің қыз балаларына қай ақпараттың дұрыс, қай ақпараттың бұрыс екенін үйреткеніміз абзал. Себебі ақпарат ағыны әрдайым шыншыл болмауы мүмкін.

Қыз – болашақ ана, бір әулеттің үлгілі келіні атанатындығын санасына сіңіріп, әйелге үлкен жауапкершілік пен міндет жүктелетіндігін айтып отыру керек. Ерте жүктілік – қазақ халқы үшін үлкен қасірет болып отыр. Сондықтан қазір егемендік алып, өз алдымызға шаңырақ тігіп, дамыған елдерінің қатарына жетуіміз үшін, осындай жағдайларды болдырмауымыз үшін үздіксіз күрес жүргізуіміз керек.

Ерте жүктіліктің алдын алу тренингі

Н. ИЛИЯСОВА

8-11 сынып оқушыларымен өткізілген тренинг.

Мақсаты: қыз балалар әдептіліктің, әдеміліктің, сұлулықтың жаршысы екенін сөз ету. Ұл бала мен қыз баланың бірін бірі шынайы құрметтеп, қастерлей білуге баулу, өзара сыйластықты, достық қарым-қатынасты қалыптастыру.

Көрнекілігі: нақыл сөздер, суреттер, бейнекөрініс.

Өту барысы:

I. Кіріспе. «Қыздарға әсемдік жарасады» демекші, қыз балалар тәрбиесін, қыз баланы әдеміліктің, әдептіліктің, жан

жақты сұлулықтың жаршысы екенін сөз етпекпіз. Біздің халқымызда қыз деген сөздің өзі әдеміліктің, жан жақты сұлулықтың символы ретінде қолданылады.

Қыз емес, қыздың аты – қызыл алтын,

Көрінер толған айдай жүзі жарқын.

Үлкеннің алдын орап, сөз сөйлемес,

Халқының сақтай білген ізгі салтын, – деп бүгінгі тренингімізді бастаймыз.

Психолог: «Қыз балаға қырық үйден тыйым», «Қызым – үйде, қылығы – түзде» деген мақал мәтелдердің біздің өмірімізде елеулі орны бар.

1. Жаттығу «Жақсы және жаман қасиет»

Казір алдарыңыздағы парақшаларға қыздар, қыздардың жағымды және жағымсыз қасиеттерін, қылықтарын жазамыз. Ал ұлдар ұл балдардың жағымды және жағымсыз қасиеттерін жазамыз. Өздеріңізде осы қасиеттердің қайсысы бар, қайсысынан құтылғыларың келеді?

Нұсқау: Әр оқушы жеке оқып айтып беруі тиіс.

Мақсаты: Оқушылардың ой өрісін бақылау, жақсы жаманды дұрыс ажырата білуге үйрету.

2. Бейнеролик. «Қазақ қызы бүгінгінің қандайсың?»

Әр жаттығумен берілген тапсырмалардан кейін кері байланыс жасалады.

3. Ойын «Сандар».

Мақсаты: Оқушылардың ойын, зейінін жинақтау. Көңіл-күйлерін жақсарту.

4. Жаттығу «Менің арманым» суреті.

Нұсқау: Оқушылар өз армандарын түрлі түсті қаламмен салады және қорғайды.

5. Жаттығу «Біздің отбасымыздың дәстүрі».

Отбасыңызбен өткізген қызықты сәттерді айтамыз.

Қорытындылау: Осындай отбасыңызбен бірге өткізген қызықты сәттеріңіз көп болсын!

6. Рефлексия: Тренингтен алған әсерлеріңізбен бөлісуге шақырамын.

Мектеп психологы кабинетінің жабдықтыалуы туралы

Г. ЖАҢБЫРОВА

Психология ғылымының қазақ тілінде әлі қарыштап дами қоймаған шағында қазақ мектептерінде педагог-психологтардың жұмыс жүргізу барысында түрлі кедергілерге ұшырап отыруы қалыпты жағдай. Өйткені, олардың көпшілігінде кабинет мәселесі көңіл көншіте қоймайды. Ал кейбіреулерінде кабинет мүлдем жоқ. Кабинетсіз педагог-психолог жұмысты талапқа сай жүргізуі мүмкін бе? Бұл, әсіресе, ауыл мектептері психологтарының барлығына ортақ проблема. Осы проблеманы шешуге мектеп басшылары жағдай жасаса деген ұсыныспен қатар мектеп психологы кабинетінің жабдықтыалуы туралы өз ойымды ортаға салуды жөн көрдім.

Ең алдымен мектеп психологының кабинеті 2 бөлмеден тұрғаны дұрыс. Екеуі де жұмыс жасауға қолайлы, кең, жарық болса тіпті жақсы. 1-кабинет психодиагностикалық және психологиялық кеңес беру, жүргізілген жұмыстарды сараптау, анализдеу сияқты жұмыстарды жүргізу үшін пайдаланылады. Сондықтан да мұнда кез-келген диагностикалық жұмысты жүргізуге қолайлы дөңгелек үстел қойылса. Бұл кабинетте педагогикалық-психологиялық консилиумды өткізу өте ыңғайлы болар еді.

Менің ойымша, оқушыларды зерттеудің үлгісін, мұғалімдермен, ата-аналармен жүргізілетін зерттеу жұмыстарының сызбаларын көрсетіп іліп қоюдың қажеті жоқ. Яғни, педагог-психологтың қандай әдіс-тәсілдермен жұмыс жасайтыны туралы жарнамаламағаны жөн. Мүмкін мұғалімдер мен ата-аналарға, оқушыларға пайдасы тиер басқа бір сызбалар немесе кеңестер жазып іліп қойса неғұрлым тиімдірек болар еді. Мәселен, «Стрессті жеңу жолдары», «Естің 7 заңы», «Ұлағатты сөздер», «Кім ерте тұрады», т.б. Сонымен бірге педагог-психологтың кабинетінде сейф немесе құлыптанатын шкаф болғаны абзал. Кез-келген жеке тұлғаның ар-намысына нұқсан

келмес үшін алынған зерттеу жұмыстарын және оларға жасалған анализ қорытындыларын құлыптап сақтаған дұрыс.

Осы кабинеттің бір бұрышын «Мектептегі психология», «Өзіндік таным», «Тәрбие құралы», «Бала тәрбиесі», «Зейін» сияқты тәрбиелік маңызды басылымдар топтамасына арнаған еш артық болмас еді. Мұғалімдер немесе ата-аналар бұл бұрыштан кез-келген қажетті деректерін тауып оқиды және өз қажеттіліктерін өтеуге пайдаланады.

Сонымен бірге кабинеттің бір жағы тұтастай диагностикаға қажетті көрнекі құралдарға арналу керек. Соның ішінде оқушының логикалық ойлау қабілетін, сөйлеу қабілетін, сөздік қорын, салыстыру, айырмашылықтарды байқау дәрежесін, әлеуметтік дүниетанымы мен көзқарасын, ақыл-ой деңгейін анықтауда маңызды рөл атқаратын жыл мезгілдер картиналарын іліп қойған тиімдірек болмақ. Әрі әдемі, әрі көлемді картиналармен жұмыс жүргізу қашан да өз жемісін бермек. Біріншіден, оларды оқушыны жан-жақты зерттеуде пайдалансақ, екіншіден кабинеттің сәнін келтіріп, адамдарға жағымды, әсерлі көңіл-күй сыйлауға көп септігін тигізеді.

Психолог кабинетінде аудиомангитафон мен үнтаспалардың болуы шарт. Бұл, біріншіден, зерттелушінің көңіл-күйін бағдарлауда көмегін тигізсе, екінші жағынан кабинетке кірген кеңес алушылардың жанына жағымды әсер қалдыру үшін пайдаланылады. 2-кабинет психо-коррекциялық жұмыстарға, тренингтер мен ойындар өткізуге аса ыңғайлы болады. 1-кабинетте жинақылық пен іскерлік басым болса, 2-кабинет жағымдылық пен ыңғайлылық, жылылық пен көңілділік сезімдерін адам жанына ұялататындай дәрежеде болуы тиіс. Жерге кілем төселіп, жұмсақ орындықтар қойылады. Мұның тренингтер жүргізу мен ойындар ойнау кезінде алатын маңызы зор. Олардың әртүрлілігіне байланысты, мысалы жерге, орындыққа отырып немесе тұрып ойналатын тренингтер болады. Ойындар барысында оқушылардың емін-еркін қозғалуы үшін кабинеттің кеңдігінің атқаратын рөлі үлкен. Сондай-ақ бұл кабинетке қарапайым, адамдарға ұнамды суреттер ілуге болады. Ал тренингке қажетті көрнекіліктерді педагог-психолог қажет кезде дайындап әкеледі және кабинет-

ті де өткізілетін тренингке байланысты уақытында ыңғайлы орналастырады. Терезеге ілінген ашық түсті перделер мен әдемі гүлдер психолог кабинетінің мәнін арттыра түспек.

Осылайша жақсы жасақталған кабинетте педагог-психологтың өзін-өзі ұстауы мен жылы шырай танытуы арқылы жақсы психологиялық атмосфера орната алуына толық мүмкіндігі бар.

ҰБТ-ге психологиялық дайындық тренингі

Э. КАМАЖАНОВА

Мақсаты: 11-сынып оқушыларын ҰБТ-ге деген сенімділікке үйрету, стрестік қалыптан арылту, ҰБТ-ге деген көтеріңкі көңіл-күй сезімдерін психологиялық тренинг арқылы әрбір жеке тұлғаның ойлау қабілетін бір-біріне деген қарым-қатынасы арқылы нығайту.

Қажетті құрал жабдықтар: алма талының суреті, алмалар, ақ парақ, қаламсап, «Тілек ағашы» тақырыбындағы үлкен ағаш суреті салынған плакат, жапсырма қағаздар.

Амандасу, танысу жаттығу шарты. Әр оқушы өз есімінің бірінші әрпіне қарай бойындағы жеке қасиетін қосып айту керек. Мысалы: Айару – ақкөңіл қызбын.

Релаксация: Құрметті оқушылар, әуелі орындарыңыздан тұруларыңызды сұраймын. Енді денелеріңізді еркін бос ұстап, тұла бойларыңызды бос тастап, миларыңызды тынықтырып терең демалып, ішкі дүниедегі жағымсыз нәрселерді сыртқа шығарып тастаңыздар!

Мен сіздерге бірнеше сөз айтамын, соны қайталаңыздар!

Әлемдегі барлық адамдарға жақсылық тілеймін!

Әлемде мені бәрі жақсы көреді!

Мен бақытты оқушымын!

Менің денсаулығым мықты!

Мен осы мектебіміздің оқушысымын!

Мен алдағы ҰБТ-ні жақсы тапсырамын!

Рахмет, орындарыңызға жайғасып отырыңыздар!

Медиатация: Ал, енді көздеріңізді жұмыңыздар, көз алдарыңызға елестетіңіздер.

Әсем бір шебер бағбанның баптап өсірген алма бағында қыдырып жүрсіздер. Осы сәтте әркім өзінің ең бақытты шақтарын елестетесіздер. Жүрек түбіндегі арман мақсаттарыңызды қиялдаңыздар. Мен алдағы ҰБТ-ны жақсы нәтижемен тапсырамын, менде бәрі жақсы болады, менің өзіме деген сенімділігім мол, мен үшін бәрі оңай және түсінікті болады.

Оң жақтарыңызға қарасаңыздар қызыл алманы көресіздер. Ал, сол жақтарыңызға қарасаңыздар сары, жасыл алмалар тұр.

Шіркін қайран алмалардың иісін-ай, танауларыңызды керіп, демдеріңізді ашып, рахат бір дүние ішінде жүрсіздер, терең демалыңыздар.

Ал, енді жайлап көздеріңізді ашыңыздар.

Құрметті оқушылар, ендігі мақсат мынау! Шебер бағбанның бағында өскен алманы сіздерге таратамын! Осы алмаға әркім өзінің жүрек түбіндегі жатқан арман мүдделерін, тілектерін жазсын. 3 минут уақыт беріледі. Алмаларды жинаймыз.

Мына алдарыңызда тұрған «Ғажайып арман алма талы» сіздердің алмаларыңыз ғажайып талға ілінді. Мінеки, сіздердің жүрек түбінде жатқан арман тілектеріңіз орындалды деп есептеңіздер.

«Тілек тілеу». Өз жүрегіңнен шыққан тілекті айту. 11-сынып түлектері өздерінің ҰБТ-ге деген тілектерін жүрекшеге жазып, жапсырады.

Рефлексия:

- Бүгінгі тренинг сізге ұнады ма?
- Қандай сезімде болдыңыздар?
- Тренингтен алған әсеріңіз қандай?

- Құрметті оқушылар! Әрдайым сіздерге зор денсаулық, ҰБТ-ны өте жақсы нәтижемен тапсырып, алдағы аңсаған армандарыңыз орындалуына тілектеспін!

Қорытынды:

Күн сайын биіктеген әр сатымыз,

Біздің бір тілегіміз мақсатымыз.

Әрдайым ашық болсын аспанымыз,

Сеніммен шыға берсін жақсы атымыз, - дегендей қаламгеріміздің өлең жолдарына назар аударайықшы, балалар! Егер өмірде өзіңе-өзің сенімді болғың келсе, өмірмен бетпе-бет кездесуден қорықпа, үнемі өмір сынағының әр түрінен қашқақтап, жеңілдікпен өтірік көңіл көтеруді пайдалансаң, кезең-кезең проблема туындай береді, өзіңмен-өзің әлектене бересің. Сондықтан өмірдің қиындығын қасқайып қарап қабылда. Жеңіл жол іздеме, қиындықпен күрес. Осының өзі саған өзіңе деген сенімділік әкеледі, - дей келе бүгінгі тренинг сабағымызды аяқтаймыз. Тренингке қатысқандарыңызға көптен-көп рахмет!

Өмір құндылығына арналған психологиялық тренинг

А. ИСМАГУЛОВА

Мақсаты: өмірдегі стрестік ситуацияларды жеңуге байланысты жағымды реакцияларды әрекетке келтіруге үйрету.

Міндеттері:

1. Жағымды эмоцияларды өздігінен іздеп пайдалануға үйрету.

2. Эмоционалдық күйді өздігінен реттеу тәсілдерін үйрету.

1-жаттығу: «Сенің есімін».

Қажетті құралдар: таза парақтар және қарындаштар.

Мақсаты: оқушыларға өзін таныстыруға мүмкіндік беру.

Нұсқау: қазір сіздер алдарыңыздағы кішкентай парактарға есіміңізді жазасыз. Біз тренинг барысында жазған есіміңізді атап, сізбен қарым-қатынасқа түсеміз.

2-жаттығу: «Сәттілік формуласы».

Мақсаты: болашаққа жағымды көңіл-күйді тудыру.

Материалдар: магнитофон, медитативті әуені бар үнтаспа.

Уақыты: 10 минут.

Жүргізуші: «Ыңғайлы отырып, көздеріңізді жұмыңыздар. Терең демалыңыздар. Шөлейт жерде жүргеніңізді елестетіңіз. Жан жағыңызға қараңыз. Артқа қарасаңыз үлкен тау тұр – бұл сіздің өміріңіздегі қиындықтарыңыз. Енді қиындықты қалай жеңуді білесіз. Сіз тәжірибе алдыңыз. Енді алдыға қараңыз. Ғажайып оазис көріп тұрсыз. Бұл елес пе, әлде шөлейт жердегі жұмақ па? Жақынырақ барсаңыз, елес жоғалмайды. Ғажайып бақшаға кіріп, жан-жағыңызға қараңыз. Қандай әдемі гүлдер және ағаштар салынған. Бұл бақшада өз гүліңізді отырғызғыңыз келе ме? Жұмысқа кірісіңіз. (Үзіліс) Қарасаңыз, сіздің еңбегіңізден кейін бақша одан да әдемірек болады. Бұны өз еңбегіңізбен құра аласыз! Ал енді біздің бөлімге қайтып келіңіз».

Талқылау: болашағыңызды қалай көрдіңіз? Әдемі бақша өсіру үшін еңбектену керектігін түсіндіңіз бе?

3-жаттығу: «Атомдар және молекулалар».

Мақсаты: сенім атмосферасын құру, топты жұмылдыру. Қатысушылар шеңбер болып тұрады.

Нұсқау:

- Қазір біз атомдар және молекулалар ойынын ойнаймыз. Әрбіреуіңіз бөлмеде атом болып еркін жүресіз. Менің нұсқауым бойынша (шапалақ) жылдам молекула болып жиналасыздар, қолдарыңыздан ұстайсыздар. Әрбір молекуладағы атомдар саны менің нұсқауым бойынша жиналады. Мен шапалақтап «үш» деген санды атасам, үш адамнан топ құрайсыздар.

4-жаттығу: «Сиқырлы жастық».

Мақсаты: қатысушыларға өз тілектерін айтуға және топтан қолдау алуға мүмкіндік беру.

Материалдар: жастық.

Уақыты: 15 минут.

Жүргізуші: «Менде сиқырлы жастық бар. Мен қазір жастықты ортаға қоямын. Әрбіреулеріңіз қалауыңыз бойынша, жастыққа отырып, өз арманыңызбен бөлісе аласыздар. Жастықта отырған адам, әңгімесін «Менің арманым» деп бастайды.

Қалғанымыз мұқият, тыңдаймыз. Арманыңыз кез келген нәрсемен байланысты болуы мүмкін: отбасымен, достарымен, біздің топпен».

Талқылау: «Сиқырлы жастықта» отырғанда қандай сезімде болдыңыз? Өздігінен шығып, жастыққа отыру қиын болды ма?

5-жаттығу: «Балдырлар».

Мақсаты: сенім атмосферасын құру, топты жұмылдыру.

Мазмұны: қатысушылар 6-8 адамнан шағын топтарға бөлінеді. Әрбір шағын топ тығыз шеңбер жасайды. Қатысушылардың біреуі шеңбердің ортасына тұрып, қолын кеудесіне айқастырады, көзін жұмады және аяғын еденнен алмай басқалардың қолына еркін құлау керек. Шеңбердегі қатысушылар оны ары-бері қозғалтады, солай қатысушылар орындарымен ауысады.

6-жаттығу: Менің эмоциям және сезімім.

Мақсаты: Адамның ішкі сезімі мен көңіл-күйінің көрініс табуы.

Көңіл-күй түрлерін жазасыз. Сол көңіл-күйді мимикамен көрсетесіз.

2-минут беріледі. Мысалы, күлу, ойлау, қиялдау, аңсау, жылау, уайымдау, т.с.с. Осындай әдістемелер немесе тренинг, профилактика, кеңес, мақал-мәтел немесе аңыз айта отырып, баланы өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі бақылауға үйрету.

7-жаттығу: «Бәріміз бірге»

Мақсаты: балалардың бір-бірімен байланыс орнатуға үйрету, серіктесінің қозғалыс темпіне ыңғайлану.

Жаттығудың жүргізілуі: балалар жұппен тұрып допты бірге ұстайды. (Әр бала допты екі қолымен ұстауы керек) жетекшінің белгісінен кейін балалар бір уақытта отыруға допты қолынан түсіріп алмай бөлме ішінде жүруі, секіруі қажет. Ең бастысы, бірге әрекет жасап допты түсіріп алмау

Рефлексия. «Жеделхат».

Мақсаты: кері байланыс алу.

Қажетті құралдар: парақтар және қаламдар. Қатысушылар шеңбер болып отырады.

Нұсқау: қазір сіздер сыныптастарыңызға бүгінгі тренинг туралы жеделхат жібересіздер. Жеделхат бір сөйлемнен тұрады. Жүргізуші жедел хаттарды жинап үлкен конвертке салады. Қатысушылардың тренингтен алған әсерлері талқыланады.

Қорытындылау. Өмірдегі кез келген қиындықтар адамға тәжірибе алу үшін және жеке бастың жетілуі үшін келеді. Әр нәрседен адам сабақ алып, одан да жақсырақ, мықтырақ және ақылдырақ бола алады.

Зорлық-зомбылыққа қарсы тренинг

А. ХАБИЕВА

Қатысушылар: 9-сынып оқушылары.

Мақсаты:

- Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту;
- Адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, олай болса оқушыларға адамзаттық құқықтарымен бас бостандықтарын қорғауы туралы үйрету;
- Зорлық-зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру;

• Жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай жаман әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау.

1. «Қайық қожайыны»;

2. «Он бөлме»;

3. «Біз не үшін жақсы көреміз»;

4. «Ерекшелігіңді көрсет»;

5. «Зорлық-зомбылықсыз, бақытты балалық шақ» постер қорғау.

Кіріспе.

Қоғам үшін ең бастысы – тәуелсіздік, адам үшін бас бостандығы және уайым қайғысыз өмір. Оның кепілі – заңдылық. Тәуелсіздік тәрімізден орын алған қоғамымыздағы ең басты құндылық – адам бостандығы. Адамның және адамзаттың құқықтары мен бас бостандықтарын қамтамасыз ету және қорғау – конституциялық заңдылықтың басты талабы.

Қазақстанда салауатты өмір салтына қол жеткізуде, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттің бірі – бала құқығын қорғау, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізу. Егер жалпы айтқанда зомбылықты физикалық қасірет көрсету әрекеті деп анықтауы болса, онда тұрмыстық зомбылықта осы әрекеттің бастауы мен айқындау нүктесі анық белгіленеді. Ол – жанұя, яғни зұлымдықшы мен оның жемтігі ең жақын адамдар болады. Олар – жұбайлар мен балалар. Отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі әлемнің әр елінде ертеден орын алған. Зорлық балалардың денелік және психологиялық денсаулықтары және жан-жақты дамулары үшін ауыр машақат болып табылады.

Әйелдер мен балаларға қатысты зомбылықтың алдын алу және бағытталған профилактикалық сипаттағы шараларды жүргізуде ақпараттық үгіттеушілік жұмыстарды өткізу қажет болып табылады.

1. «Қайық қожайыны»

Судың жағасында бірнеше адам арғы бетке өте алмай қа-

йық күтіп тұрады. Судан өткізетін қайық жақын арада жағаға келуі керек, бірақ оған бір-ақ адам сияды. Жағада қайық тосып тұрғандар қайық қожайынын көндіріп қайыққа мініп кетуі тиіс. Кім қожайынды көндіре алады екен.

2. «Он бөлме»

Сіз тұратын үйде он бөлме бар деп көз алдыңа елестет, мысалы: қуаныш, үрей, қайғы, агрессия, қорқыныш, ашу, жалғыздық, үміт және тағы екі бөлме. Қандай? Екі бөлмені өзің тауып және оларға ат бер. Әр бөлмені символмен белгілеп ол бөлменің суретін сал. Бұл бөлмелер несімен ерекше сен қай бөлмеде жиі боласың.

3. «Біз не үшін жақсы көреміз?»

Айналамыздағы адамдармен араласқанда олардың бізге ұнайтын немесе ұнамайтын жақтары болады. Топта бір адамды алып, сол адамның сізге ұнайтын бес қасиетін жазыңдар. Кім жайлы жазғанымызды ешкімге айтпаңыз. барлығымыз болған соң жазғанымызды оқимыз. Қатысушылыр бұл мінез кімге тән екенін табады.

4. «Ерекшелігіңді көрсет»

Өз еркімен психологиялық байқампаздығын тексеруге бір ойыншы ортаға шығады. Айталық Жанар атты қатысушы ерікті түрде ортаға шығады. «Жанар есіктің сыртында күте тұрыңыз. Жанар есіктен шыққаннан кейін топтың басқа мүшелері орындарын ауыстырып отырып алады. Жанарды ішке шақырып, әр ойыншының бастапқыдағы орындарын дұрыс тауып, оларды отырғызып шығуы тиіс. Жаттығу осылайша жалғаса береді.

5. «Зорлық-зомбылықсыз бақытты балалық шақ» постер қорғау.

6. Тренинг туралы өз ойымызды допты қағып аламызда орнымыздан тұрып, айтамыз.

- тренингте не ұнады?
- тренингте не ұнамады?
- тренингтен қандай әсер алдыңдар?

Авторлар туралы мәлімет Сведения об авторах

АБУЛОВА Л.Ш. – воспитатель КГУ «Областной дом юношества, центр социальной адаптации для детей сирот и детей, оставшихся без попечения родителей» Управления образования акимата Костанайской области.

АКИМБАЕВА М.У. – педагог-психолог частной школы «Көкіл» г. Алматы.

АҚКӨЗОВА Қарылғаш Қосбармаққызы – Ы. Алтынсарин атындағы орта мектебінің педагог-психологы. Бейнеу ауданы, Маңғыстау облысы.

АЛЕУОВ У. – д.п.н., профессор, зав. кафедры педагогики Каракалпакского ГосУниверситета. Республика Каракалпакстан.

БЕКЗАДИНОВА Айым Бакытбековна – педагог-психолог КГУ «Средней школы №44». г. Нур-Султан.

ЖАҢБЫРОВА Гүлжамал Сұлтанқызы – Ю. Гагарин атындағы орта мектеп психологы. Есет селосы, Бейнеу ауданы, Маңғыстау облысы.

ЖҰМАНОВА Заря Әмірқызы – журналист, Алматы қаласы.

ЗАКОРА Т.Д. – воспитатель КГУ «Областной дом юношества, центр социальной адаптации для детей сирот и детей, оставшихся без попечения родителей» Управления образования акимата Костанайской области.

ИЛИЯСОВА Н. – С. Сейфуллин атындағы № 52 жалпы орта мектебінің педагог-психологы. Ж. Ералиев а/о, Жетісай ауданы, Түркістан облысы.

ИСМАГУЛОВА Айдана Жүрсінқызы – «Рудный қаласы білім бөлімінің №19 жалпы білім беретін мектебінің психологы. Қостанай облысы.

КАМАЖАНОВА Эльнура Маратовна – «Абай атындағы мектеп-бала бақша кешені» КММ-нің педагог-психологы. Үлгілі малшы ауылы, Көкпекті ауданы, Шығыс Қазақстан облысы.

КУТУБАЕВА А.К. – воспитатель КГУ «Областной дом юношества, центр социальной адаптации для детей сирот и детей, оставшихся без попечения родителей» Управления образования акимата Костанайской области.

СИХОВА Бибигул Усербаевна – Ш. Жексенбаев атындағы ЖОББМБК-нің мектеп психологы. Бөкей ордасы ауданы, Батыс Қазақстан облысы.

ХАБИЕВА А. – №46 жалпы орта білім беретін мектебінің педагог-психологы. Орал қаласы, Батыс Қазақстан облысы.